ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

А. С. Пушкин және қазақ әдебиеті

Зәки АХМЕТОВ

Жарқыраған, жалын атқан зор талант иесі болған дана ақын сәулелі жарқын болашаққа үнемі құлаш ұрып, бақытты ертеңгіге ұмтылды. Ескі заманның, ескіліктің бұғауын үзіп, халықтың езушіліктен құтылатын күні жақын, шұғылалы бақыт таңы атады деп шексіз сенді. Кейінгіге, келешек ұрпаққа баға жетпес қымбатты мұра—өлмес, өшпес сөз қалдырды. Ұлы орыс халқының керемет дарындылығы, асқан өнерлілігі, жасампаз шеберлілігінің бір айқын айғағы болған осы асыл мұра бүгінде барлық адам баласының бақыты үшін қызмет етіп отырған социалистік мәдениеттің құнды қорына қосылды.

Александр Сергеевич Пушкин біздің заманымызда ұлы Коммунистік партияның басшылығымен коммунизм құрушы совет халқының, бейбітшілік пен социализм үшін күресуші барлық прогрессшіл адам баласының қалаулы, таңдаулы жыршысы, ақын досы болып отыр. Пушкин шығармалары дүние жүзі халықтарының озық, алдыңғы қатарлы мәдениетінің көркемөнерінің дамуына, ілгері басуына игілікті ықпалын тигізе бермекші. Пушкиннің шын мұрагері совет халқы өзінің ардақты азаматы, асқақ шабытты ұлы ақынының есімін мейлінше құрметтейді, мақтаныш етеді.

Кемеңгер ақын өз заманының жаңашыл, революцияшыл, отаншыл идеяларының жалынды жаршысы, сол кездегі халық өмірінің көп сырын терең ұғынып, тебірене жырлаған, жеткізе жаза білген ғажап суреткері еді.

Ақынның өсуіне күшті әсер еткен зор тарихи оқиға 1812 жылғы Отан соғысы болды. Ол Пушкиннің ой-санасында мәңгі өшпес із қалдырды. Соғыс орыс халқының қаһарман ерлігін, сарқылмас қуатын, оның қандай да болсын сұрапыл қара күшке тойтарыс бере алатынын дүние жүзіне әйгілеген. Қатты қыспақ, қатаң сынның үстінде қарапайым орыс адамының тамаша қасиеттері, оның отансүйгіштігі, жанқияр ерлігі, жігерлі саналылығы айқын көрінді. Орыс халқының ұлттық сана-сезімі өсіп, өрледі. Россияда отаншылдық, еркіндік идеялар дамый түсті. Халықтың еркіндігін, азаттығын темір құрсаумен шырмаған патшалық системаға наразылық үдей түсті. Патшаға қарсы ашық күреске шығып, батыл қыймыл жасаған революцияшыл декабристер ескі дүниені дүр сілкіндірді. Көтерілісті күшпен басқан патша үкіметі азаттықты аңсаған жүздеген жүректегі жақсы үміттің жалынын сөндіре алмады. Декабристердің бірталайымен жақын, жанқияр дос болған Пушкин, өмір бойы сол достығынан жазған жоқ. Ақын болашаққа, азаттық идеясының жеңетіндігіне берік сенді. Көтерілістен кейінгі жылдарда Пушкин шаруалардың күн санап қанат жайып, күш алып келе жатқан революциялық қозғалысына үнемі көз тігіп, көңіл аударды, оған үлкен үміт артты.

Заманының ең озық ой-пікірлерін санасезіміне әбден сіңіріп өскен Пушкин поэзия өріне жарық жұлдыздай жарқ етіп бірден көтерілді. Онын ақындық өнері тез шыңдалып, шарқұрып шыңға шықты, тынымсыз іздену, үнемі өсу үстінде жаңғырып, жандана берді. 20 жылдан аз-ақ астам уақыттың ішінде жүздеген лирикалық өлеңдер, көптеген ірі прозалық, драмалық шығармалар жазды. Бұлардың ішінде «Чаадаевка», «Деревня», «Сибирьге хат» сияқты нелер пафосқа толы отаншыл-саяси лирикалық шығарманын үлгілері де, «А. П. Кернге» сияқты махаббат күйін шерткен әсем сазды әсерлі жыр да, «Ескерткіш» сияқты өрісті ойға толы, үлкен мақсат-тілекке мезгеген өлеңдер де, тамылжытып жыр еткен талай табиғат суреттері де бар. Дарынды даркан ақын асқан шеберлікпен біріне бірі ұқсамайтын ірі тұлғалы образдар жасады. Солардан көне заманын анызға айналған өмірінен алынған албырт, алып Руслан мен әдемі, сұлу Людмиланы, ақынның өз заманын бейнелейтін кейіпкерлер—ақылы артық, зор Татьяна мен салқын қанды, саналы Онегинді, тарихи образдардан Борис Годуновты, Бірінші Петрды, Пугачевты атасақ та жеткілікті. Ақын жайдары көңілдің жарқын кезін де, кейде оның жабырқаңқы күйін де суреттейтін лириканың талай түрлерін тұғызды, прозаны да, драманы да дамытып, өрістетті. Ол ұлы лирик-ақын ғана емес, сонымен бірге ұлы прозаик те, ұлы драматург та. Пушкиннің таланты көп қырлы, творчествосы жан-жақты, алуан үнді, терең сырлы.

Пушкин орыстың реалистік, шын мағынасында халықтық, классикалық әдебиетінің негізін салды, әдеби тілін байытып, ұстартты.

* * *

Отанының тамаша патриоты болған Пушкин орыс халқымен жақын, тағдыры бір, туысқандас барлық халықтардың өміріне үңіле қарады, олардың тілек-мұңын терең түсінді. Ақынның Кавказ халықтарының, сондай-ақ Россияның басқа да көптеген халықтарының өмірін, тұрмыс-салтын жақсы білгендігі және өз шығармаларында суреттегендігі белгілі. Пушкин Орынбор, Уральск қалаларында болған кезінде қазақ халқына үлкен сүйіспеншілікпен қарап, оның өмірін, әдет-ғұрпын, мәдениетін білуге зер салды.

Ұлы ақын қазақтың да орыс халқына ерекше мейірбандық, туысқандық сезіммен қарайтынын көрді. Осы кезде бастап жазып жүрген белгілі «Капитан қызы» атты шығармасында Пугачевтің ер жігіттерінің қатарында қазақтардың да жүргенін ол жылы достық сезіммен суреттеді. Қазақ халқының сөз өнеріне, шешендік-шеберлігіне қызыққан жазушы халықтың тамаша асыл қазнасының бірі болған «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» дастанын жаздырып алды. Соңғы жылдарда жазылған атақты «Ескерткіш» атты өлеңінде Пушкин өзінің шығармаларын ұлы Россияның барлық халықтары сүйіп оқыйды дей келіп, осы өлеңнің қолжазба түрінде сақталған бір вариантында қазақ халқын да атап кетеді Бұл қазақ халқы келешекте мәдениеттің өріне көтеріле алатынына, еңсесін басқан мешеулік пен қараңғылықтан құтылатынына Пушкиннің кәміл сенгендігінің бір куәсі.

Пушкиннің творчествосы қазақ әдебиетінің, мәдениетінің өсуіне өткен ғасырдың өзінде-ақ зор әсерін тигізген. Абай, Ыбрай, Шоқандай қазақтың ірі қоғам қайраткерлері, ақылгөй ағартушылары Пушкин, Лермонтов, Белинский, Л. Толстой сияқты орыс жазушыларының шығармаларын үнемі оқып, үлгі-өнеге алды. Орыс халқын аға тұтып, онымен адал ниетті дос болуға шақырған ардагер ақын Абай ұлы Пушкин шығармаларын өте-мөте құрметтеді. Абай оның ең бір өзекті шығармасы—«Евгений Онегинді» сүйсіне оқыды, жеке бөлімдерін қазақшаға аударып, ұлы ақынның сөз нақышын, бар байлығын қыйып түсер өткірдің жүзіндей шебер тілмен жеткізді. Абай романнан негізінен Татьяна мен Онегиннің ара қатнасына байланысты бөлімдерін алып, оған «Онегиннің өлердегі сөзі» деген өлеңді өзі жазып қосты. Онегиннің Татьянаға жауабын Абай бір емес, екі рет аударды. Абай кейде дәлме-дәл аударса, кейде шығарманың сөзіне сөз жалғап, ойына ой қосып, не қысқартып, еркін аударды. Осының бәрі Абайдың орыс ақынының шығармасын шабыттана аударғанын көрсетеді. Мұнымен бірге Абай сол кездегі қазақ оқушыларының тілек-талаптарын да еске алды, соларға ұғымды, әсерлі етіп беруді көздеді. Абай шығарған Татьяна әнінің ел арасына кең тарап кетуінің сыры да қазақтың өлең-әнге құмарлығында ғана емес, Татьяна тағдыры қазақ қызының, әйелінің тағдырына байланысты болғандығында, Татьянаның еркіндік сүйгіштігі мен табандылығы көптің жүрегін тоқыта алғандығында, орыс халқының өміріне қазақтың сол кездің өзінде-ақ мейірімді сезіммен қарағандығында еді.

Абай Пушкиннен тек шығармаларын аудару үстінде ғана емес, әрдайым үйренді. Соқтықпасы көп, соқпағы жоқ жерде өмір сүріп еңбек еткен ұлы ақын Пушкинді өзіне ұстаз тұтты. Халықтың өлең-жыр теңізіне терең бойлап, еркін сусындаған Абай өзі де ірі, ұлы тұлға, Пушкинге ұндес ақын болды. Пушкиннен ол сондықтан да творчестволық жолмен үйрене алды.

Абайдың ізімен «Евгений Онегинді» Әсет сияқты ақындар да жыр етіп, халық арасына таратып жүрді.

Пушкин шығармаларынан XX ғасырдың бас кезіндегі Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Спандияр Көбеев, Мухаметжан Сералин, Бекет Өтетілеуов сияқты ақын-жазушылар да нәр алды. 1903 жылы Қазанда «Капитан қызы» қазақ тілінде басылып шықты. Революциядан бұрынғы уақыттың өзінде де Пушкин шығармаларын жазып алған, жадында сақтаған адамдар аз емес еді.

Ұлы Октябрь революциясы Пушкин мұрасын, барлық совет халықтары сияқты, қазақ халқының да ыстық магнасында қадірлі мұлкіне, игілігіне айналдырды. Қазақтың көркейген социалистік мәдениеті дүние жүзі мәдениетінің асыл үлгі-нұсқаларын игеріп, ұлы орыс халқының алдыңғы қатарлы әдебиетінің әсерімен дамып, өрге басып келеді. Пушкиннің көптеген шығармалары осы кезде қазақ әдебиетінің төл, тума шығармасындай болып кетті. Ақынның шығармалары қазақ тілінде бірнеше том болып мыңдаған тиражбен басылып жүр.

Кәзіргі қазақ жазушыларының ішінде Пушкинді оқымайтыны, онан үйренбейтіні жоқ десек, артық айтқан болмайды. Жыр алыбы карт Жамбыл Пушкинге арнап өлең шығарып, ұлы ақынға құрметпен ишарат етіп, қазақ халқының сүйіспеншілік сезімін әсем жырмен жеткізген. Қазақ совет әдебиетінің таңдаулы нұсқасының бірі «Абай» романында Пушкиннің сөз өнері, қазақ мәдениетіне жасаған игілікті ықпалы көркем бейнеленген. Мұның өзі Пушкин шығармалары Абай романының авторы Мұқтар Әуезовке де шабыт беріп, рухтандырғандығын көрсетеді.

Пушкин шығармаларын қазақ тіліне аударуда Қасым Аманжолов, сондай-ақ Тайыр Жароков, Әбділдә Тәжібаев, Ғали Орманов, Әбу Сәрсенбаев, Қалижан Бекхожин сияқты көрнекті ақындарымыз елеулі еңбек сіңірді. Сонымен бірге соңғы жылдарда Пушкинді аударуға көптеген таланты жас ақындардың да шын пейілмен, жігермен кіріскенін атап айту керек.

* * *

Айтарлықтай жетістіктеріміз бола тұрса да, бүгін таңда біз Пушкин мұрасын толық игеріп отырмыз деп айта алмаймыз. Әзіргі аударылғандары ақынның басты-басты шығармалары ғана. Оның үстіне кәзіргі аудармалардың ішінде көркемдік жағы сын көтермейтіндері де бар екені белгілі. Пушкин өлеңдерін, поэмаларын қазақ тіліне аударғанда санаулы өлең өлшемдерін ғана қолданбай, қазақ поэзиясының бар мүмкіншілігін сарқа пайдаланған жөн. Пушкин шығармаларын аударуда ақын-жазушылардың алдында зор міндет тұр. Осы кезге дейін ұлы ақынның ең асыл мұрасы болған «Евгений Онегин» романы қазақ тіліне көңіл толарлық дәрежеде аударылмай келеді. Ақын мұрасының бар қасиетін, мәнерін қазақ тіліне толық жеткізе алған аударма әдебиетке қосылған көрнекті жаңалық деп саналып, тың творчестволық еңбек дәрежесінде бағалануы керек.

Пушкин туралы жазылған, оның қазақ әдебиетімен байланысын көрсететін еңбектердің де жеткілікті емес екенін айту керек. Бұл тақырыпты кең толған, терең ашып баяндайтын байсалды зерттеулер өте қажет. Осындай зерттеулерде Пушкиннің қазақ әдебиетіне әсері кейбір сыртқы ұқсастықтан, ұсақ нәрседен ізделмей, тереннен қабысып, әріден жалғасқан түйінді, шешімді творчестволық ерекшеліктерден ізделінуі шарт. Мәселе бұрын-соңды қазақ ақын-жазушыларының Пушкин шеберлігінен қалай үйренгендігінде, Пушкиннен үлгі алу үстінде ақынның өз өнері қалай шыңдалғандығын айқындауда. Әдеби зерттеулерде Пушкиннің Россиядағы барлық халықтарға ортақ ақын болғандығын, олардың мәдениетінің өсуіне зор әсер еткенін, осы кезде барлық совет халықтарының төл ақыны болып отырғанын ашып көрсету керек.

Пушкин мұрасын үнемі игеру, ақынның шығармаларын қазақ тіліне аудару, оның қазақ әдебиетімен творчестволық байланысын зерттеу, шығармаларын кең насихаттау — қазақ мәдениет қызметкерлерінің ыбройлы міндеті.

△△△